

## 1-БЛОК: Технология (ұл балаларға арналған)

### *Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

1. Пайдалануына қарай болаттың түрлері
  - A) құрал-саймандық, құрылыс, шаруашылық, арнайы мақсаттағы
  - B) құрылыс, конструкциялық, құрал-саймандық, арнайы мақсаттағы
  - C) конструкциялық, құрал-саймандық, құрылыс, шаруашылық
  - D) арнайы мақсатты, конструкциялық, құрал-саймандық
  - E) құрал-саймандық, конструкциялық, арнайы мақсаттағы
  
2. 16- 18 жастағы жеткіншек балаларға қанша килограмм тасуға болады
  - A) 10 немесе 16 кг
  - B) 16 кг
  - C) 16 кг артық
  - D) 10 кг
  - E) 16 кг артық емес
  
3. Үлкен диаметрлі қысқа дайындамаларды бекітетін орын
  - A) Планшайбаға және тірекке
  - B) Планшайбаға
  - C) Тірекке
  - D) Трезубецке
  - E) Патронға
  
4. Егеуді немен тазарту керек
  - A) сүрткіш мата
  - B) үрлеп
  - C) майлы шүберек
  - D) темір щетка
  - E) щетка
  
5. Жону білдегінде жұмыс істеу қауіпсіздік ережесі
  - A) сүргілердің ішіндегі жаңқаны ағаш сынамен тазалау
  - B) араның берік сапталған, тістерінің өткірлігі мен ажыратылғанын тексеру
  - C) дайындаманы дайындап, берік бекітіп, қауіпсіздік мөлдір экранды жауып, жұмысқа кіріс
  - D) кесетін метал бұйымды қайшы мен қолғап киіп ұстау
  - E) тесілетін орынды кертіп ою

6. Оқу шеберханасында санитарлық мөлшердегі ылғалдылық норманың пайыз көрсеткіші

- A) 45-65%
- B) 70-90%
- C) 30-50%
- D) 40-60%
- E) 35-55%

7. Дөрекі сүргілеу жүргізген жағдайда пышақтың жүзі неше миллиметр аралығында шығып тұрады

- A) 4-5мм
- B) 1-2мм
- C) 2-3мм
- D) 1-3мм
- E) 3-4мм

8. Қолмен сүргілеу құралдары

- A) қос пышақты сүргі, пышақ сүргі, фуганок
- B) фуганок, дара пышақты сүргі, қос пышақты
- C) фуганок, сүргі, шерхебель
- D) фуганок, пышақты сүргі, дара пышақ
- E) қос пышақты сүргі, пышақты сүргі шерхебель

9. Ағашты күйдіріп әрлеу түрі

- A) Ксилография
- B) Графика
- C) Линогравюра
- D) Литография
- E) Пирография

10. Ағаштың физикалық қасиеттері

- A) жылтырлығы, текстурасы, ылғылдығы
- B) механикалық қасиеті, текстурасы, ылғылдығы
- C) сыртқы түрі, түс, текстурасы, ылғылдығы
- D) түс, текстурасы, ылғылдығы
- E) механикалық қасиеті, түс, текстурасы, ылғылдығы

11. Қолмен салынған зат бейнесінің өлшемін көрсететін және оның бөліктерінің арақатынасын көрсететін суреттің атауы

- A) Сызба
- B) Сұлбе
- C) Техникалық сурет
- D) Жұмыс сызбасы
- E) Эскиз

12. Детальді байланыстыруға арналған дөңгелек формалы алмалы-салмалы тиек

- A) Нагель
- B) Бұрама шеге
- C) Шкант
- D) Шеге
- E) Тиек

13. Сүйектің механикалық қасиеті

- A) Ылғалдылығы
- B) түсі жылтырлығы
- C) қаттылығы, беріктігі, сыртқы күштерге қарсы тұру қасиеті
- D) беріктігі
- E) қаттылығы

14. СТД-120М ағаш станогымен жұмыс істегенде жиі қолданылатын өлшеуіш құралдары

- A) Штангенциркуль
- B) Рейсмус
- C) Бұрыштық
- D) Сызғыш
- E) Кронциркуль

15. Сүйектің физикалық қасиеті

- A) беріктігі
- B) түсі, жылтырлығы, текстурасы, ылғалдылығы
- C) серпімділігі
- D) иілгіштігі
- E) қаттылығы

16. Ағашты тік кесу әрекеті кезінде адамның өкшелері қанша бұрыштық мөлшерде орналасуы керек

- A) 60-70°
- B) 50-60°
- C) 90-100°
- D) 70-80°
- E) 80-90°

17. Детальдардың құрамаларын нығайту үшін қолданылатын цилиндрлі ағаш өзек қалай аталады

- A) Бұрама шеге
- B) Нагель
- C) Шкант
- D) Тиек, шкант
- E) Тиек

18. Металл бетін өңдеу кезінде белгі салатын құрал

- A) тескіш
- B) бұрыштық
- C) циркуль
- D) кернер
- E) сызғыш

19. Термиялық өңдеудің негізгі түрлері

- A) қыздыру, ұстау, салқындату
- B) шынықтыру, босаңдату, нормальдау және салқындату
- C) шынықтыру, босаңдату және нормальдау
- D) шынықтыру, қыздыру, ұстау, салқындату
- E) шынықтыру, босаңдату, ұстау және салқындату

20. Болат бөлшектерді кескенде үйкелісті азайту үшін оймалауышты майлайтын сұйықтық

- A) Скипидар
- B) Май немесе олифа
- C) Керосин және скипидар
- D) Сары май
- E) Керосин

21. Машина жасау өнеркәсібінде қолданатын мыстың қоспа түрлері

- A) баббиттер
- B) қола, мырыш
- C) жез, қалайы
- D) жез және қола
- E) мыс, мырыш

22. Станок орнатылатын тірек жасалған металл

- A) шойын
- B) алюминий
- C) темір
- D) мыс
- E) қорғасын

23. Кесу аспаптарындағы жылдам кесуге арналған болаттың таңбалануы

- A) 20ХН4А
- B) Р 18
- C) У7А
- D) Р6М5
- E) ХВГ

24. Аспаптық болаттың құрамында қанша пайыз көміртек болады

A) 0,4%

B) 0,1%

C) 0,7%

D) 0,5%

E) 0,3%

25. Машинаның негізгі бөліктері

A) индукция, мен генератор

B) магниттік ағым, ротор, индукция

C) ротор мен генератор

D) стартор мен ротор

E) стартор мен генератор

26. Көміртектегі болаттарды салқындатуға не пайдаланады

A) су, май

B) тұздар

C) сілті

D) май

E) су

27. Мемлекеттік стандартқа сай құрылым құжаттамасының бірыңғай жүйесі(ҚҚБЖ) стандарты қабылданған жыл

A) 2001ж.

B) 1943ж.

C) 1951ж.

D) 1967ж.

E) 1971ж.

28. Ақауды не арқылы жояды

A) босандату және нормалдау

B) нормалдау және шынықтыру

C) босандату немесе қайта шынықтыру

D) босандату

E) нормалдау

29. 1959 жылы Шу бойында табылған кебеженің төрт бұрышында қандай өрнек бар

A) Күмістелген төрт дөңгелек жұлдыз

B) Төрт дөңгелек жұлдыз

C) Төрт дөңгелек гүл

D) Күмістелген төрт дөңгелек дөңес жұлдыз

E) Күмістелген төрт дөңгелек гүл

30. Ежелгі ағаш ұсталары кебежелерді не себепті көркемдемеген
- A) үлкендігінен
  - B) қымбат болғандығынан
  - C) арзан болғандығынан
  - D) жұмысының көптігінен
  - E) үлгермегендіктен
31. Қобдиша сандық неше бөліктен жасалады
- A) 10
  - B) 6
  - C) 8
  - D) 5
  - E) 7
32. Шертердің түп нұсқасын негізгі дүниеге қайта келтірген
- A) Д. Шоқларұлы
  - B) Ө. Жанібеков
  - C) Х. Арғымбаев
  - D) Ә. Марғұлан
  - E) Б. Сарыбаев
33. Қобыздың шанағының төменгі жағынан қорапша ойылып қандай жануардың терісі көмкеріледі
- A) жылқының
  - B) сиырдың
  - C) бұзаудың
  - D) серкенің
  - E) қозының
34. Б. Сарыбаев Шертердің ежелгі нұсқасын қай қалада тапты
- A) Таразда
  - B) Парижде
  - C) Оралда
  - D) Москвада
  - E) Берлинде
35. Жұмсалатын тікелей шығынның аталуы
- A) қызметкерлерді оқыту
  - B) еңбек ақы төлеу
  - C) аренда төлеу
  - D) лицензия алу
  - E) несие пайызын төлеу

36. Кәдесый домбыра жасайтын мамандар

- A) ағаш ұстасы
- B) қолөнер шеберлері
- C) зергерлер
- D) ісмерлер
- E) ұсталар

37. Тұрғындардың денсаулығын электр желісінің элетромагнитті өрісінің әсерінен қорғаудың негізгі принциптері.

- A) Саяжайлар
- B) Заводтармен өндірістік орындар
- C) Электр бағаналары орнаған жер
- D) Таулы аймақтар
- E) Тұрғын үйлермен адамдардың біршама шоғырланатын жері

38. Синхрондық генератор дегеніміз

- A) айналыс жиілігі
- B) тұрақты ток машиналар
- C) генератор режимінде істейтін машина
- D) машинаның қозғалмалы бөлігі
- E) статор

39. Оқшаулауышты сымнан ажырату үшін тиімді құралдың түрі

- A) арнайы құрылғы
- B) пышақ жүзі
- C) шырпы жалыны
- D) қайшы жүзі
- E) тістеуік

40. Механикалық күшті электр қуатына айналдыратын құрылғы

- A) синхрондық машина
- B) гидро генератор
- C) аккумулятор
- D) стартер
- E) генератор

41. Ең қарапайым электр тізбегіндегі элемент саны

- A) 4
- B) 10
- C) 5
- D) 6
- E) 8

42. Жалпы және жұмыс үшін қолданылмайтын жарық

- A) шамдар
- B) түнгі шырақтар
- C) декорациялық
- D) шырағдан
- E) түсті әйнек

43. Тұрмыстық электр арматураларының корпустары неліктен пластмасадан жасалған

- A) қол терлемес үшін
- B) қолға ыңғайлы болу үшін
- C) тоқты өткізбес үшін
- D) жұмыс барысына қарай
- E) заңдылық

44. Жалпы және жұмыс жарығы үшін қолдану қалыптаспаған жарық

- A) жасырын
- B) құрамдастырылған
- C) табиғи жарық
- D) жалпы жарық
- E) деклорациялық

45. Электр жабдықты жөндеу кезіндегі қауіпсіздік ережесі

- A) арнайы құрал пайдалану
- B) резеңке аяқ киім кию
- C) тоқтан ажырату
- D) арнайы көзілдірік кию
- E) резеңке қолғап кию

46. Электр желісінің ең қарапайым түрі неше элементтен тұрады

- A) төрт
- B) бес
- C) екі
- D) үш
- E) алты

47. Электр қозғалтқыштардың сыртқы корпусы ток көзінен ажыратқыштардың құндағының жалғасуы

- A) суға
- B) лайға
- C) құмға
- D) топыраққа
- E) жерге



48. Оқшаулауыш материалдардың түрі

- A) вольфрам, фарфор
- B) металл, резеңке
- C) пластмасса, әйнек, резеңке
- D) құрғақ ағаш, қорғасын
- E) әйнек, фарфор, қалайы

49. Адам өміріне қауіпті емес

- A) 220 в
- B) 330 в
- C) 127 в
- D) 36 в
- E) 12 в

50. Сымдарды қысқышпен неше тәсілмен қосуға болады

- A) екі
- B) бір
- C) бес
- D) төрт
- E) үш

*Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар*

51. Тұқым сіңіру тереңдігі жеңіл және ауыр топыраққа

- A) 2,5-2,8 см
- B) 1,0-1,5
- C) 1,8-2,6
- D) 2,0-2,5 см
- E) 2,8-3
- F) 1,5-2,0 см

52. Культиваторлар қандай жұмыстар үшін пайдаланады

- A) барлығына арналған
- B) ағаш кесу
- C) топырақты қопсытуға
- D) топырақ кесектерін ұсақтауға
- E) түптеуге
- F) арамшөпті отауға

53. Шикізаттан дайындалатын желім

- A) ПВА
- B) Қағаз желім
- C) Синтетикалы
- D) Момент
- E) Табиғи

54. Жұмыс машиналарының түрлері

- A) көліктік
- B) есептеу
- C) көбейтуші
- D) технологиялы
- E) техникалы
- F) тасымалдаушы

55. Тағайындалуы бойынша болат..... болып бөлінеді

- A) қоспалы болат
- B) ерекше қасиетті арнайы
- C) құралды
- D) көміртекті болат
- E) конструкциялы

56. Сирек металдар

- A) титан
- B) селен
- C) молибден
- D) платина
- E) вольфрам
- F) магний

57. Биосфера келесі заттардан құралады

- A) Негізді заттар
- B) Биогенсіз заттар
- C) Биогенді заттар
- D) Тірі заттар
- E) Негізсіз заттар
- F) Бионегізді заттар

58. Атмосфераның ластануы бөлінеді

- A) Ермитін
- B) Шектеулі және минимальді
- C) Бірінші реттік
- D) Еритін
- E) Толеренттық және тұрақсыз
- F) Екінші реттік

59. Ауыз үйде қолданатын жарық түрі

- A) үстел жарығы
- B) бір лампалы шырағы
- C) люминесценттік
- D) бра
- E) торшер

60. Композиция сөзінің жаратылыс тілі

- A) грек
- B) ағылшын
- C) парсы
- D) латын
- E) неміс
- F) орыс

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *1-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Қолөнер адам баласының көркемдікке, нәзіктікке, сұлулыққа деген ұмтылысын, сол бағытта табиғатты өзінше таңбалап бедерлеуін, сұлулықты іздеуге деген құштарлығын танытады.

Сан қилы кезеңдерден өтсе де, көркемдік бейнелердің өзіндік ерекшеліктерін бұлжытпай сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жалғасын тауып келе жатқан қолөнеріміздің ішіндегі киелі әрі күрделілерінің бірі – зергерлік өнер.

Зергер – сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлік – әшекейлі бұйым жасау өнері.

Зергерлік өнерінің ұлттық мәдениетімізде тарихи орны ерекше болумен қатар, бір жағынан халқымыздың материалдық мәдениетінің дәрежесін көрсетсе, екінші жағынан – рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын білдіреді. Әсіресе, зергерлік бұйымдардың ішінде қазақтың қыз — келіншек, әйелдердің тағынатын әшекейлерінің орны ерекше.

61. Саусақ сұғатын шеңбері таза алтын не күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз салынған, әр түрлі пішінде әзірленген саусаққа сәндік үшін киілетін зергерлік бұйым.

- A) Сақина
- B) Құстұмсық жүзік
- C) Отау жүзік
- D) Жүзік
- E) Құдағи жүзік

62. Ол қалындықтың негізгі әшекей бұйымдарының бірі. Оны тек мереке, тойларда ғана таққан. 3-5-7 таспадан тұрады. Таспалар төртбұрышты, бір-біріне шынжырлар арқылы жалғасқан.

- A) Алқа
- B) Өңіржиек
- C) Шекелік
- D) Шолпы
- E) Бой тұмар

63. \_\_\_\_\_ – әйелдер үшін зергерлердің көп жасайтын әшекейлерінің бірі, ол үлкенді-кішілі алтын, күміс және асыл тастардан дайындалады. Оны көбінесе ішін қуыстап, әр түрлі кескін бере күмістеп жасайды, сыртына зер салады.

- A) Шаш қалта
- B) Түйме
- C) Алқа
- D) Түйреуіш
- E) Бой тұмар

64. Бақыттылықтың, тәуелсіздіктің, еркіндіктің белгісі. Оны бойжеткен қыздар таққан.

- A) Құстұмсық жүзік
- B) Доғал жүзік
- C) Аққу жүзік
- D) Құдағи жүзік
- E) Отау жүзік

65. Екі саусаққа қатар киілетін \_\_\_\_\_ қос бауырдағы болады.

- A) Доғал жүзік
- B) Отау жүзік
- C) Аққу жүзік
- D) Құстұмсық жүзік
- E) Құдағи жүзік

## *Мәнмәтіндік тапсырмалар*

### *2-мәнмәтін*

#### *Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма*

Таза күйінде металдар өте сирек кездеседі. Олардың әр түрлі қосылыстары жер қыртысында түзелді. Металдар: «қара және түсті» металдар болып екіге бөлінеді.

66. Сирек металл

- A) платина
- B) молибден
- C) күміс
- D) мыс
- E) алтын

67. Асыл металл

- A) мыс
- B) титан
- C) вольфрам
- D) молибден
- E) платина

68. Металдар қорытпасының құрамындағы көміртектің үлесіне қарай бөлінуі

- A) шойын және алюминий
- B) шойын және мырыш
- C) шойын және болат
- D) шойын және мыс
- E) шойын және қорғасын

69. Жеңіл металл

- A) селен
- B) магний
- C) мырыш
- D) алтын
- E) мыс

70. Ауыр металл
- A) дюралюминий
  - B) мырыш
  - C) алюминий
  - D) магний
  - E) титан

**1-БЛОК бойынша тест аяқталды.**